

Қарағанды қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 47/04 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы № 60 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 шілдеде № 3915 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қарағанды қаласындағы Луговая көшесі – Сабыр Рахымов көшесі деп қайта аталсын.
2. Қарағанды қаласындағы 137 есептік орамға – Бауыржан Момышұлының есімі берілсін.
3. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.М.Әдекенов) жүктелсін.
4. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

H. Әбдібеков

Сессия төрагасы

H. Иманов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

P. Әбдікөров